

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Матжанова Орынгүл Қуанышқызы

«Семей қаласында жылына өнімділігі 20000 м³ болатын жеңіл бетон шығаратын зауыт»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Алматы 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы


Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 С.Б. Шаяхметов


«10» 06 2025ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Семей қаласында жылына өнімділігі 20000 м³ болатын жеңіл бетон шығаратын
зауыт»
(дипломдық жобаның тақырыбы)

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

Орындаған

Матжанова Орынгул 
(Білім алушының аты-жөні)

Рецензент

т.ғ.д. жетекші маман

(ғылыми дәрежесі, атағы)

Тулебаев Г.

аты-жөні


«05» 10 2025ж.



Ғылыми жетекші

т.ғ.д., профессор

(ғылыми дәрежесі, атағы)

 Акмалайұлы К.

қолы аты-жөні

«05» 10 2025ж.

Алматы 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты


«Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасы

6B07302– «Құрылыс инженериясы»

БЕКІТІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор



С.Б. Шаяхметов

«29» 01 2025ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Матжанова Орынгүл Қуанышқызы

Тақырыбы: Семей қаласында жылына өнімділігі 20 000 м³ болатын жеңіл бетон шығаратын зауыт

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор 2025 жылғы

«29» қаңтар № 26-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі « 10 » маусым 2025ж.

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Құрылыс ауданы – Семей қ. Ғимараттың конструкциялық жүйесі, архитектуралық шешімдері.

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

а) Сәулет-аналитикалық бөлімі: негізгі бастапқы деректер, көлемдік-жоспарлау шешімдері, қоршау конструкцияларының (сыртқы қабырғаның), жылу-техникалық есебі, жарық техникалық есептеу, іргетас нұсқаларының есебі және орналастыру тереңдігі, энергия тиімділігі шараларының негіздемесі;

б) Есептік-конструктивтік бөлімі;

в) Ұйымдастыру-технологиялық бөлімі: технологиялық карталарды әзірлеу, құрылыстың күнтізбелік жоспары және құрылыс бас жоспары;

г) Экономикалық бөлім: жергілікті смета, объектілік смета, жинақтық смета; Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

1. АР

2. РР

3. ОТР






Жұмыс презентациясы слайдтарда 13 көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 12 атаулардан

**Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	30%	60%	90%	100%	Ескерту
Сәулет-аналитикалық	28.12.2024-08.01.2025				
Есептік-конструктивтік		08.01.2025-23.02.2025			
Ұйымдастыру-технологиялық			24.02.2025-06.04.2025		
Экономикалық				07.04.2025-20.04.2025	
Алдын-ала қорғау	14.04.2025 - 25.04.2025				
Сапаны бақылау (ТЖ)	21.04.2025 - 16.05.2025				
Антиплагиат	08.05.2025 - 21.05.2025				
Нормобақылау Сапаны бақылау (сызбалар)	12.05.2025 - 05.06.2025				
Қорғау	09.06.2025 - 28.06.2025				



Аяқталған дипломдық жұмыс (жоба) үшін, оған қатысты бөлімдердің жұмыстарын (жобасын) көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Сәулет-аналитикалық	Ақмалайұлы К, т.ғ.д., профессор	05.06.2025 ж.	
	Ақмалайұлы К, т.ғ.д., профессор	05.06.2025 ж.	
Ұйымдастыру-технологиялық	Ақмалайұлы К, т.ғ.д., профессор	05.06.2025 ж.	
Экономикалық	Ақмалайұлы К, т.ғ.д., профессор	05.06.2025 ж.	
Нормобақылау	Оспанова А.Т., т.ғ.м., оқытушы	05.06.2025 ж.	
Сапаны бақылау	Джетписбаева А.Ж., PhD доктор, аға оқытушы	05.06.2025	

Ғылыми жетекші

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

Күні


 қолы
 Ақмалайұлы К А
 Аты-жөні

 қолы
 Матжанова О К
 Аты-жөні
 «04» қараша 2024 ж

АНДАТПА

Дипломдық жоба құрылыс саласындағы ғылым мен техниканың жетістіктерін, ғылыми-техникалық прогресстің қазіргі заманғы талаптарын ескере отыра жасалынған.

Берілген тапсырмаларды негізге ала отырып, тақырыбы келесідей дипломдық жоба жасалды: «Семей қаласында өнімділігі 20 000 м³ жеңіл бетон шығаратын зауыт.» Бұл дипломдық жұмыста жеңіл бетонның бір түрі газобетонды таңдау негізіндегі құрылыс бұйымдарын өндіруге арналған шағын зауыттың жобасы мен өндірудің негізгі технологиялары көрсетілген. Жобаның құрамында алты бөлім бар: технологиялық бөлім, жылу техникалық бөлім, сәулет-құрылыстық бөлім, техника-экономикалық бөлім, технологиялық процестер жүйесінің автоматика және автоматтандыру жүйесі, қауіпсіздік және еңбек қорғау.

АННОТАЦИЯ

Данный дипломный проект разработан с учётом достижений науки и техники в строительной отрасли, а также современных требований научно-технического прогресса.

На основе выданного задания была выполнена дипломная работа на тему: «Завод по производству лёгкого бетона производительностью двадцать тысяч кубических метров в городе Семей». В данной дипломной работе представлены проект малого завода по производству строительных изделий на основе одного из видов лёгкого бетона — газобетона, а также основные технологии производства. Проект включает в себя следующие шесть разделов: технологический раздел, теплотехнический раздел, архитектурно-строительный раздел, технико-экономический раздел, раздел автоматизации и системы управления технологическими процессами, а также раздел по охране труда и технике безопасности.

ABSTRACT

This diploma project has been developed taking into account the achievements of science and technology in the construction industry, as well as the modern requirements of scientific and technological progress.

Based on the given assignment, the following diploma project was developed: "A lightweight concrete production plant with a capacity of twenty thousand cubic meters in the city of Semey." This diploma project presents the design of a small plant for the production of construction components using one type of lightweight concrete — aerated concrete — along with the main production technologies. The project consists of the following six sections: the technological section, the heat engineering section, the architectural and construction section, the technical and economic section, the automation and control system of technological processes section, and the occupational health and safety section.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Технологиялық бөлім	11
1.1 Құрылыс алаңын таңдау	11
1.2 Зауыт жұмыс ережесі	12
1.3 Шикізаттар сипаттамасы және өнім номенклатурасы	14
1.4 Автоклавты емес газобетон өндіру технологиясы	18
1.5 Өндірістің технологиялық сұлбасы және сипаттамасы	20
1.6 Зауыттың технологиялық желісінің жұмысын есептеу	21
1.7 Бетон құрамын жобалау	22
1.8 Жабдықты есептеу	23
1.9 Жабдық таңдау	25
2 Жылу техникалық бөлім	38
3 Экономикалық бөлім	40
4 Технологиялық процесстерді автоматтандыру жүйесі	45
5 Бұйым сапасын бақылау	47
6 Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау	48
Қорытынды	50
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	51

КІРІСПЕ

Құрылыс саласы – экономиканың негізгі драйверлерінің бірі. Қазақстанда урбанизация процесінің қарқынды жүруі, тұрғын үй және коммерциялық ғимараттардың көптеп салынуы құрылыс материалдарына деген сұранысты арттыруда. Соның ішінде жеңіл бетон – заманауи құрылыс индустриясының ажырамас бөлігі. Оның жоғары беріктігі, жылу және дыбыс оқшаулау қасиеттері, экологиялық тазалығы мен салыстырмалы түрде төмен өзіндік құны оны құрылыс материалдары нарығында бәсекеге қабілетті өнім етеді.

Семей қаласында жеңіл бетон өндіретін зауыт салу – стратегиялық тұрғыдан тиімді шешім. Біріншіден, бұл аймақта құрылыс саласы қарқынды дамып келеді, сондықтан сапалы құрылыс материалдарына сұраныс жоғары. Екіншіден, Семейдің инфрақұрылымы жақсы дамыған, көлік-логистикалық жүйесі өнімді тұтынушыға жеткізуді жеңілдетеді. Үшіншіден, жеңіл бетон өндірісінің шикізат базасы аймақта жеткілікті деңгейде, бұл өндіріс шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Бұл дипломдық жобаның негізгі мақсаты – жылына 20 000 м³ жеңіл бетон өнімін шығаратын зауытты жобалау. Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

- Жеңіл бетон өндірісінің технологиялық процесін зерттеу және оның ерекшеліктерін анықтау;
- Шикізаттың түрлері мен олардың қолжетімділігін талдау;
- Зауыттың өндірістік қуатын есептеу және қажетті жабдықтарды таңдау;
- Өндіріс процесін ұйымдастырудың тиімді схемасын ұсыну;
- Өнімнің өзіндік құнын есептеп, экономикалық тиімділігін бағалау;
- Еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік шараларын қарастыру.

Жеңіл бетон өндірісі – құрылыс индустриясында энергия тиімділігі мен экологиялық тазалықты қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі. Бұл материал дәстүрлі ауыр бетонға қарағанда салмағы жеңіл болғандықтан, құрылыс конструкцияларының жүктемесін азайтып, тасымалдау шығындарын төмендетеді. Сонымен қатар, жеңіл бетоннан жасалған құрылыс материалдары жылу сақтағыштық қасиеттерімен ерекшеленеді, бұл ғимараттардың энергия үнемдеу көрсеткіштерін арттырады.

Бұл жобаның нәтижелері құрылыс индустриясына қосымша өндірістік қуаттылық қосуға, отандық өндірістің дамуына ықпал етуге, сондай-ақ өңірлік экономикаға оң әсерін тигізуге мүмкіндік береді. Семей қаласындағы құрылыс материалдары нарығының ерекшеліктерін ескере отырып, жобаланатын зауыт жергілікті сұранысты қанағаттандырып қана қоймай, Қазақстанның басқа өңірлеріне де өнім жеткізу мүмкіндігіне ие болады.

Бұл дипломдық жоба кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан тұрады. Негізгі бөлімде зауытты жобалаудың техникалық-экономикалық негіздемесі, өндіріс процесінің технологиясы, қажетті жабдықтар мен олардың сипаттамалары, еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау шаралары

карастырылады. Соңында жобаның тиімділігі мен қолдану перспективалары туралы қорытындылар жасалады.

Ұсынылып отырған жоба аймақтық құрылыс индустриясын дамытуға үлес қосып, экологиялық таза және заманауи құрылыс материалдарын қолжетімді етуге бағытталған.

Семей қаласында жеңіл бетон зауытын салудың себептері

1. Құрылыс саласының қарқынды дамуы

Семей қаласы – Шығыс Қазақстан облысындағы ірі өнеркәсіптік және экономикалық орталықтардың бірі. Соңғы жылдары қалада тұрғын үй, коммерциялық және инфрақұрылымдық құрылыстардың саны артып келеді. Мемлекеттік және жеке инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы құрылыс материалдарына, оның ішінде бетонға деген сұранысты арттыруда. Жеңіл бетоннан жасалған бұйымдар ғимараттардың энергия тиімділігін арттырып, құрылысты жеңілдететіндіктен, олардың нарықтағы маңызы зор.

2. Құрылыс материалдары нарығындағы қажеттілік

Семей қаласының құрылыс нарығында сапалы жеңіл бетон өнімдерінің жетіспеушілігі байқалады. Қазіргі уақытта көптеген құрылыс компаниялары қажетті материалдарды басқа аймақтардан немесе тіпті шет елдерден тасымалдауға мәжбүр, бұл өнімнің өзіндік құнын арттырады. Жергілікті зауыттың ашылуы импортқа тәуелділікті азайтып, аймақтың құрылыс секторын тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3. Шикізат базасының қолжетімділігі

Жеңіл бетон өндірісі үшін қажетті шикізат – цемент, құм, кеуекті толтырғыштар (мысалы, керамзит, перлит, шлак, газ түзуші қоспалар) және химиялық қоспалар. Семей қаласының маңында осындай шикізат көздері бар, бұл өндірістік шығындарды азайтуға және өнімді қолжетімді бағамен ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аймақтағы шикізат ресурстарын тиімді пайдалану өндірісті экологиялық тұрғыдан қауіпсіз етуге көмектеседі.

4. Көлік және логистика мүмкіндіктері

Семей қаласы көлік инфрақұрылымы жақсы дамыған өңірлердің бірі. Қала арқылы республикалық маңызы бар автомобиль және теміржол желілері өтеді, бұл дайын өнімді Қазақстанның басқа аймақтарына, сондай-ақ шетелге экспорттауға қолайлы жағдай жасайды. Жергілікті зауыттың болуы тасымалдау шығындарын азайтып, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

5. Жаңа жұмыс орындарын ашу және аймақтың экономикалық дамуына үлес қосу

Зауыттың салынуы аймақта жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етеді. Өндіріс процесіне инженерлер, технологтар, операторлар, жұмысшылар және логистика мамандары қажет болады. Бұл өз кезегінде халықтың жұмыспен қамтылуын арттырып, әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты нығайтады. Сонымен қатар, зауыттың салықтық түсімдері жергілікті бюджетке қосымша табыс әкеліп, қаланың дамуына септігін тигізеді.

6. Экологиялық таза және заманауи өндіріс

Жеңіл бетон – экологиялық тұрғыдан тиімді құрылыс материалы. Оның өндірісі ауыр бетонмен салыстырғанда энергияны аз тұтынады және көмірқышқыл газын аз шығарады. Заманауи технологияларды қолдану арқылы өндіріс қалдықтарын азайтуға және шикізатты үнемді пайдалануға болады. Бұл зауытты ұзақ мерзімді тұрақты даму қағидаларына сай келетін кәсіпорын ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жеңіл бетон өндірісінде әртүрлі жасанды және табиғи кеуекті толтырғыштарды пайдаланылады: жасанды перлит, аглопорит, керамзит және басқалары, табиғи - туф және басқалары. Кеуекті толтырғыштарға арналған жеңіл бетон ғимараттардың құрылысы кезінде құрылымның өз салмағын төмендетуге арналған қоршау құрылыстары ретінде қолданылады.

Жеңіл бетондарды тағайындалуы бойынша: Құрылымдық, құрылымдық-жылуоқшаулағыш, оған қосымша талаптар бойынша жылуөткіздік және арнайы (жылуоқшаулағыш, МЕСТ 20910 бойынша ыстыққа төзімді, МЕСТ 25246 бойынша химиялық төзімді және т.б.)

Жеңіл бетон құрылымы МЕСТ 25192 сәйкес болуы мүмкін: - тығыз; - кеуекті; - үлкен кеуекті. Жеңіл бетон атауы бойынша МЕСТ 25192 бойынша ірі кеуекті толтырғышқа сәйкес болуы керек. Кеуекті жеңіл конструкция үшін құрылымның орнына бетонның бетінде кеуекті құратын заттың түрін көрсетуге болады.

Жеңіл бетонның сапасы осы стандарттың талаптарына сәйкес келуі және спецификациялар, конструкциялар мен конструкциялардың нақты түрлерінің өнімдеріне және конструкцияларына сәйкес келетін өнімдер мен құрылымдардың өндірісін қамтамасыз етуі тиіс.

СТ СЭВ 1406 және СНиП 2.03.01, МЕСТ 25820-2014 талаптарына сәйкес сығылуға беріктік көрсеткіші сығылуға беріктік классы бойынша қойылады: Жеңіл бетон үшін келесі класстар орнатылады:

-жылуоқшаулағыш жеңіл бетон үшін- B0,35; B0,75; B1; B2

-құрылымдық-жылуоқшаулағыш жеңіл бетон үшін -B2,5; B3,5; B5; B7,5; B10 B40

-құрылымдық жеңіл бетон үшін -B12,5; B20; B22,5; B25; B30; B35; B2,5;

Құрылымдық бетондар келесі негізгі талаптарға сәйкес келуі керек:

-орташа тығыздық маркасы бойынша –D2000 жоғары болауы тиіс ;

-сығылуға беріктігі 12,5МПа кем болмауы тиіс;

Орташа тығыздыққа сәйкес (массалық тығыздық) жеңіл салмақты бетонның келесі маркаларға бөлінеді: D200, D300, D400, D500, D600, D700, D800, D900, D1000, D1100, D1200, D1300, D1400, D1500, D1600, D1700, D1800, D1900, D2000.

Жеңіл бетонның орташа тығыздығы (массасы тығыздығы) маркалар құрғақ күйде орнатылады.


Жеңіл бетонның нақты орташа тығыздығы МЕСТ 27005 сәйкес анықталған талаптан аспауы керек.

Қолданылатын орнына байланысты өнімдер мен конструкциялардың стандарттарға сәйкес және жұмыс жағдайларына байланысты, аязға төзімділік пен суөткізбегіштік қасиетіне арналған бетон конструкцияларының маркалары:

- аязға төзімділік бойынша - F25, F35, F50, F75, F100, F150, F200, F300, F400, F500;

- суөткізбегіштік бойынша- W2, W4, W6, W8, W10, W12 құрылымдық бетон үшін.

Жеңіл бетонның түрлері көп. Олар: газобетон, көбікбетон, керамзитбетон, перлитбетон, вермикулитбетон, полистиролбетон, ағаш үгінділі бетон. Осының ішінде мен газобетонды таңдадым.



Сурет 1 - Газобетонның сыртқы көрінісі

Газобетон – жеңіл бетонның бір түрі, құрамында арнайы қоспалар арқылы пайда болған көп ұсақ ауа кеуектері бар құрылыс материалы. Ол цемент, кварцты құм, әк, су және газ түзуші (көбінесе алюминий ұнтағы) қосылып жасалады.

Артықшылықтары: жеңіл және тасымалдауға оңай; жылу және дыбыс оқшаулау қасиеттері жоғары; қоршаған ортаға зиянсыз (экологиялық таза); Жеңіл өңделеді (арамен кесіледі, шегелеуге болады).

Кемшіліктері: суды көп сіңіреді, сондықтан гидрооқшаулау қажет; механикалық беріктігі ауыр бетондарға қарағанда төмен.

Газобетон көбіне қабырға блоктары, қабырға панельдері және ішкі қалқалар жасау үшін қолданылады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Құрылыс алаңын таңдау

Семей — 2022 жылдың 8 маусым айынан бастап ресми түрде Абай облысының әкімшілік орталығы. Ол Ертіс өзенінің екі жағасына орналасқан. Аумағы – селолық округтерді қосқанда 27,5 мың шаршы километр. 1782 жылдан бастап 1997 жылға дейін Семей (Семипалатинск) облысының орталығы болған.

Гринвичтен 500 ендік және 800 бойлық сызықтары қиылысында Семей қаласынан батысқа қарай 40 км. Дегелең тауында Евразия супер-құрлығының Географиялық орталығы анықталған.

Қазақстанда қала мәдени астанасы болып саналады, өйткені оның көптеген тұрғындары қазақ мәдениеті мен шығармашылығының негізін салушылар болып табылады. Семей «Қазақстанның тарихи орталығы» деген ерекше мәртебеге ие.

Өңір климаты ерекше географиялық орналасуымен ерекшеленеді, құрылықта, мұхиттардан барынша алыс орналасқан.

Аумақ арктикалық бассейнге ашылған, бірақ Азияның ең биік тау шыңдары оны Үнді мұхитының әсерінен оқшау қалдырған. Климатының шұғыл континентальдылығы жылдық және тәуліктік температуралардың жоғары амплитудасы салдарынан болып отыр. Қыста -45 – қа, жазда +45 –қа дейін жетеді.

Қала халқы 323 721 адам (2019ж.). Ертістің екі жағасында орналасқан Семей еліміздің ірі де әсем қалаларының бірі болып табылады, жергілікті тұрғындар ғана емес, Қазақстанның «рухани астанасының» қонақтары да осындай пікірде.

Семей қаласының экономикалық әлеуеті жоғары және әртараптандырылған. Қала өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, шағын және орта кәсіпкерлік, құрылыс, көлік-логистика және әлеуметтік салаларда тұрақты даму көрсетіп отыр.

Өнеркәсіп және машина жасау

Семейдің өнеркәсібі өңдеу саласына бағытталған, оның ішінде азық-түлік, жеңіл өнеркәсіп, жиһаз, қағаз өндірісі және басқа да салалар бар. Өңдеу өнеркәсібінің үлес салмағы 27,35% құрайды, ал тау-кен өнеркәсібі мен карьерлерді қазу 2,38% деңгейінде. Машина жасау саласында көпірлер, крандар, электр жабдықтары, ауылшаруашылық техникасы, шағын авиация құралдары және басқа да өнімдер өндіріледі. Индустриялық аймақтар мен кластерлер өнеркәсіптің дамуына ықпал етеді.

Ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп кешені

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласында «Ардагер» аграрлық фирмасы негізінде астық өңдеу кластері, «Семей ет комбинаты» және «Валеас» ЖШС негізінде ет кластері, «Семей тері зауыты» ЖШС негізінде тері өңдеу кластері, «КазРуно» АҚ негізінде тоқыма кластері құрылды. Бұл кластерлер ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласының дамуына ықпал етеді.

Құрылыс және тұрғын үй

Семей қаласында құрылыс жұмыстары белсенді жүргізілуде. 2023 жылдың қаңтар-қазан айларында 182 296 шаршы метр тұрғын үй іске қосылды, бұл 2022 жылдың тиісті кезеңінен 12 921 шаршы метрге артық. Қазіргі уақытта қала шегінде 20 көпқабатты бюджеттік тұрғын үй және 27 коммерциялық үй салу жұмыстары жүргізілуде. Жыл соңына дейін мемлекеттік бағдарлама бойынша салынып жатқан 17 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталады.

Шағын және орта кәсіпкерлік

Семей қаласында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 30 мыңға жуық, бұл салада 60 000-нан астам адам жұмыс істейді. Шағын және орта кәсіпкерлік саласының негізгі көрсеткіштері бойынша оң динамика байқалады. Қалада өнеркәсіпте 36,1%, агроөнеркәсіптік кешенде 19,1%, саудада 9,8% үлес бар. Негізгі капиталға инвестициялар көлемі 48,3%, құрылыс жұмыстары 43,7% ұлғайды.

Көлік және логистика

Семей қаласының стратегиялық теміржол, автомобиль, су және әуе көлігі артерияларының қиылысында орналасуы транзиттік-логистикалық дәліз қалыптастыру үшін тиімді. Қалада көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту жобалары жүзеге асырылуда. Бұл жобалар көлік жүйесінің тиімділігін арттыруға және экономикалық өсімді қамтамасыз етуге бағытталған.

Әлеуметтік инфрақұрылым

Семей қаласында әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға ерекше назар аударылуда. Денсаулық сақтау саласында облыстық көпбейінді аурухана мен балалар ауруханасы, облыстық қан орталығы және 2 емхана салу жоспарлануда. Білім беру саласында 6 шағын жинақты мектеп, жұмыс істеп тұрған мектептерге, оқушылар сарайына, интернатқа 6 қосымша құрылыс, 9 балабақша мен 3 балалар лагерін салу көзделген.

Семей қаласының экономикалық әлеуеті жоғары және әртараптандырылған. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, шағын және орта кәсіпкерлік, құрылыс, көлік-логистика және әлеуметтік салаларда тұрақты даму байқалады. Бұл факторлар қаланың экономикалық тұрақтылығын және болашақтағы даму мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Менің жобам бойынша салынатын зауыт Семейдің шығыс жағында орналасқан.

1.2 Зауыт жұмыс ережесі

-Жұмыс күні: 255

-Жылдық өнімділік: 20000 м³

-Ауысым саны: 2

-Құрылғыларды қолдану коэффициенті: $K_{и} = 0,9$

$$T_{и} = T * K_{и} \quad (1)$$

$$T = 255 \cdot 2 \cdot 8 = 4080$$

$$T_{\text{и}} = 4080 \cdot 0,9 = 3672$$

Кесте 1 – Кәсіпорынның жұмыс істеу тәртібі.

Бөлімшелердің атауы	Жылдық жұмыс саны	Тәулігіне ауысым саны	Ауысымдағы жұмыс ұзақтығы	Жылдық қор	
				Жұмыс уақыты	Жабдық жұмысы
Шикізат материалдар қоймасы	255	1	8	2040	1836
- теміржолдан қабылдау	255	1	8	2040	1836
- автокөліктен қабылдау	255	1	8	2040	1836
Шикізатты қайта өңдеу бөлімшесі	255	1	8	2040	1836
Қалыптау бөлімшесі	255	2	8	4080	3672
Жылу өңдеу бөлімшесі	255	2	8	4080	3672
Дайын өнім қоймасы	255	2	8	4080	3672
- темір жолға тиеу	255	1	8	2040	1836
- автокөлікке тиеу	255	1	8	2040	1836

Өнімділікті есептеу:

$$П_{\text{п}} = \frac{П}{1 - \frac{Б}{100}} \quad (2)$$

мұндағы Б – өндірістік қалдықтар және ақаудан болған шығындар, пайыз

$П_{\text{п}}$ – ақау мен шығындарды ескере отырып қайта бөлу өнімділігі, м³/жыл;

П – технологиялық ағын бойынша келесі қайта бөлу өнімділігі, м³/жыл;

Күніне:

$$П = \frac{20000}{255} = 78 \text{ м}^3/\text{күніне}$$

Ауысым:

$$П = \frac{78}{2} = 39 \text{ м}^3/\text{ауысымына}$$

Сағатына:

$$\Pi = \frac{39}{8} = 4,8 \text{ м}^3/\text{сағатына}$$

Ақау мен шығындарды ескере отырып:

$$\Pi_{\Pi} = \frac{\Pi}{1 - \frac{Б}{100}} = \frac{20000}{1 - \frac{0,5}{100}} = 20100 \text{ м}^3$$

$$\Pi_{\Pi} = \frac{\Pi}{225} = \frac{20100}{225} = 89 \text{ м}^3/\text{күніне}$$

$$\Pi_{\Pi} = \frac{\Pi}{2} = \frac{89}{2} = 44 \text{ м}^3/\text{ауысымына}$$

$$\Pi_{\Pi} = \frac{\Pi}{8} = \frac{44}{8} = 5 \text{ м}^3/\text{сағатына}$$



Кесте 2– Кәсіпорынның жұмыс істеу тәртібі

Өнімділігі, м ³				
	жылына	тәулігіне	ауысымына	сағатына
Номиналды	20000	78	39	5
ақауларды ескере отырып	20100	89	44	5
- дайын өнім қоймасы	20100	89	44	5
- жылумен өңдеу бөлімшесі	20100	89	44	5
- қалыптау бөлімшесі	20100	89	44	5
-шикізат материалдары қоймасы	20100	89	89	10

1.3 Шикізаттар сипаттамасы және өнім номенклатурасы

Өндіріс орны шығаратын өнім 2 маркадан тұрады.

Кесте 3 -Номенклатура

Түрі	Марка	Ұзындығы	Биіктігі	Ені	Көлемі	Салмағы
	500	600	200	300	0,036	14,4
	700	600	200	300	0,036	21

Жеңіл бетон — салмағы дәстүрлі ауыр бетоннан төмен, бірақ қажетті беріктік пен жылу оқшаулау қасиеттерін қамтамасыз ететін құрылыс материалы. Оның негізгі шикізаттары – жеңіл толтырғыштар, цемент, су және қажет болған жағдайда қоспалар.

Газобетон — жеңіл, берік, жылу мен дыбысты жақсы оқшаулайтын құрылыс материалы. Газобетонды өндіргенде пайдаланылатын негізгі шикізаттар келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

Газобетонға арналған қоспаның құрамы өте қарапайым. Құрамы:

- Су;
- Портландцемент;
- Толтырғыш;
- Газ түзгіш.

Әрбір элементті – көлемі мен сапасына қойылатын талаптарды егжей-тегжейлі қарастырайық.

Су - 1 м³ газ бетонға 250-300 литр.

Суды MEMСТ 23732-79 талаптары бойынша тексереміз. Кез келген ауыз су қолдануға жарамды болып табылады. Пайдаланылатын су көздері тұзсыз, қышқылдығы орташа және кермек болмауы керек.

Қолданылатын судын орташа температурасы 40-60 С болу керек. Себебі жылы су қоспаның ұстасуын арттырып бұйымның беріктігін жоғарылатады.

Портландцемент - 1 м³ газ бетонға 260-320 кг

M400 және M500 маркалы MEMСТ 10178-85 бойынша барлық портландцементтер жарамды. Цементтің ерекшеліктеріне байланысты рецептураны түзетуге болады.

Толтырғыш - 1 м³ газ бетонға 250-300 кг

Толтырғыш үшін осы сипаттамалары бар құм пайдаланамыз:

- Түйіршікті;
- Бөгде қоспасыз-тастар, бұтақтар, құм, 2 мм-ден үлкен;
- Лай мен сазсыз (немесе осындай заттардың ең аз мөлшері бар).

Құмды ауыстыруға болады:

- Доломит ұнымен;
- ЖЭО-ның шығуының күлімен;
- Газбетон қалдықтары
- Басқа ұсақ дисперсті толтырғыштармен.

Химиялық қоспалар - 1 м³ газ бетонға 1-3 кг

Арнайы химиялық қоспалар қоспа реакциясының жылдамдығын арттырады. Кез келген өңірде қоспаларды оңай табуға болады – олар тіпті тамақ өнеркәсібінде пайдаланылады.

Газ түзгіш - 1 м³ газ бетонға 0,5-0,7 кг

Бұл ПАП-1 және ПАП-2 маркалы алюминий ұнтағы. Ол арнайы газ-бетон өндіру үшін арналған және халық арасында "серебрянка"ретінде танымал.

Қолданылатын негізгі шикізат көздері мен олардың жеткізілу орындары төмендегідей:

1. Алюминий ұнтағы

Жеткізуші кәсіпорын:

Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ), Павлодар қаласы

Бұл зауыт – Қазақстандағы алюминий өндірісінің жетекші кәсіпорны, еліміздің ішкі нарығын жоғары сапалы бастапқы алюминиймен қамтамасыз етеді. Алюминий ұнтағы – газ түзуші реагент ретінде газобетон өндірісінде қолданылады.

Тасымалдау жолы:

Павлодар – Семей аралығы шамамен 230–250 км.

Жеткізу теміржол немесе автокөлік арқылы жүзеге асырылады.

Теміржол көлігі – көлемді жеткізілімдерге тиімді әрі арзан;

Автокөлік – шағын партияларға икемді және жедел жеткізуге ыңғайлы.

2. Цемент

Жеткізуші кәсіпорын:

«Шығыс Қазақстан цемент» ЖШС, Өскемен қаласы

Бұл зауыт аймақтағы құрылыс индустриясы үшін негізгі цемент жеткізуші болып табылады. Газобетон өндірісінде цемент – байланыстырушы негіз рөлін атқарады.

Тасымалдау жолы:

Өскемен – Семей арасы шамамен 170 км.

Теміржол немесе автокөлікпен жеткізіледі.

Автокөлікпен тасымалдау – икемді және жиі жеткізілімге тиімді.

3. Су

Жеткізу көзі:

Семей қаласының орталық су жүйесі немесе жеке техникалық су көздері

Газобетон дайындауда су – цемент пен құмды араластыруда, сондай-ақ газ түзуші алюминий суспензиясын жасау үшін қажет.

Тасымалдау жолы:

Қосымша тасымалдауды қажет етпейді.

Зауыт аймағында сумен қамтамасыз ету инженерлік желілер арқылы ұйымдастырылады.

4. Кварцты құм

Жеткізуші кәсіпорын:

Қарағанды облысындағы кварцты құм кен орындары мен өңдеу кәсіпорындары

Құм газобетонның негізгі толтырғышы ретінде пайдаланылады. Кварцтың құрамындағы SiO_2 үлесі жоғары болуы қажет.

Тасымалдау жолы:

Қарағанды – Семей арасы шамамен 750–800 км.

Негізінен теміржол арқылы жеткізіледі, себебі бұл ірі көлемді шикізатты тиімді әрі үнемді тасымалдауға мүмкіндік береді.

Теміржол станцияларындағы вагоннан түсіру және зауытқа дейінгі соңғы жеткізу автокөлікпен жүзеге асырылады.

Кесте 4 - Қажетті сападағы бұйымдардың 1м³ шикізат қоспасы компоненттерінің үлес шығыны

Газобетонның тығыздығы, кг/м ³	құм, кг	Су, л	Цемент, кг	Алюминий ұнтағы, гр
500	234	208	286	544
700	403	256	312	544

Кесте 5 - М500 газбетонға арналған карьерлік ылғалдылықты және өндірістік шығындарды есепке ала отырып шикізаттың қажеттілігі

Материал атауы		Шығын ,кг / м ³	Материалдардың қажеттілігі, кг			
			жылына	тәулігіне	Бір ауысымда	сағатына
Су	Құрғақ күйде	208	3,120,000	12,235	6209	388
	Шығындарды ескере отырып	215	3,225,000	12,836	6418	401
Алюминий ұнтағы	Құрғақ күйде	0,544	8,160	32,4	16,2	1
	Шығындарды ескере отырып	0,550	8,250	32,8	16,5	1
Құм	Құрғақ күйде	234	3,510,000	13,970	6985	436,5
Цемент	Құрғақ күйде	286	4,290,000	17,074,5	8537	533,5
	Шығындарды ескере отырып	294	4,410,000	17,552	8776	548,5

Кесте 6 - М700 газбетон үшін карьерлік ылғалдылықты және өндірістік шығындарды есепке ала отырып шикізаттың қажеттілігі

Материал атауы		Есептік бірлікке арналған Шығын ,кг / м ³	Материалдардың қажеттілігі, кг			
			жылына	тәулігіне	Бір ауысымда	сағатына
Су	Құрғақ күйде	256	2,560,000	10,039	5019	627
	Шығындарды ескере отырып	270	2,700,000	10,588	5294	661
Алюминий ұнтағы	Құрғақ күйде	0,544	5,440	21	10	1
	Шығындарды ескере отырып	0,550	5,500	21,5	10,7	1
Құм	Құрғақ күйде	403	4,030,000	15,803	7902	987
Цемент	Құрғақ күйде	312	3,120,000	12,235	6117	764
	Шығындарды ескере отырып	332	3,320,000	13,020	6510	813

1.4 Автоклавты емес газобетон өндіру технологиясы

Газ бетондар қатаю әдісі бойынша:

Автоклавты- олар жоғары қысым және жоғары температура кезінде арнайы автоклавты пештерде –өңделеді

Автоклавты емес-атмосфералық қысым кезінде жылу әсерін пайдалана отырып, табиғи қаттылықты немесе жылу-ылғалдылықты өңделеді

Автоклавты емес газбетон өндірісін қарастырайық, газ бетон өндірудің осы тәсілі каркасты-монолитті үй салу және аз қабатты ғимараттар салу үшін өзінің тұтынушылық қасиеттері бойынша бәсекелестерден тыс болып саналады. Жылу үнемдеу бойынша ол кірпіштен, бетоннан, керамзиттен және басқа да материалдардан айтарлықтай озады. Жылытқыштармен салыстырғанда ең үнемді болып табылады. Ұялы бетон өндірісінің құны төрт факторға байланысты:

1) Шығарылатын өнімнің сапасы; 2) Оның өзіндік құны; 3) Өндіріс қуаты; 4) Өндірісті автоматтандыру және компьютерлендіру дәрежесі.

Барлық төрт параметр өзара байланысты. Автоклавсыз технология бойынша өндірістің негізгі артықшылықтары:

Құрал үнемділігі, яғни пайдаланатын станоктардың арзандылығы; шығарылатын өнімнің жоғары өнімділігі (тәулігіне 30 м³ және бір желі үшін жоғары); қондырғылардың әмбебаптылығы және мобильділігі, механизмдердің тораптарының салыстырмалы түрде шағын габариттік өлшемдері, қызмет көрсетудің қарапайымдылығы. Блоктардан жасалған қабырғалар кірпіштен жасалған қабырғалардан 2 есе арзанырақ, сонымен қатар бұйымның негізгі компоненттері — табиғи жергілікті материалдар: ұсақ құм немесе карьерлік бөліктер және цемент;

Еңбек өнімділігі жоғары. Автоклавты емес газобетон өндірісі тез дамып келеді, ол үшін үлкен алаңдары бар автоклав өндірісінің қажеті жоқ, үлкен және қымбат құрал-жабдықтарды қажет етпейді.

Бұйымдардың тығыздығы мен беріктігін, сондай-ақ блоктардың өлшемдерімен әрлеу мүмкіндігін бұйымдардың кең ассортиментін (көтергіш қабырғаларға арналған блоктар, қабырғаның қасбеттік бөлігіне арналған плиткалар, қабырғалардың өзегін монолитті құюға арналған жылытқыштар, арақабырғалар және т. б.) өндіруге әкеледі;

Жоғары жылу өткізгіштігі. Бұйымдар өндірісін ұйымдастыруға арналған ең аз шығындар(үй-жайдың шағын өлшемдері, ғимараттың төбелерінің төмендігі және т. б.); төмен көлемді масса (кірпіштен 2 есе жоғары);

Блок өлшеміне байланысты ерітіндінің шығыны шамамен 2 есе азаяды, қалаудың еңбек сыйымдылығы 2-3 есе, қабырғаның салмағы 4 есе төмендейді, беріктігі 25 кг/см² және одан жоғары ;

Қондырғының экологиялылығы. Жоғары санитарлық-гигиеналық қасиеттері. Ұяшықты бетоннан жасалған үйдегі Микроклимат ағашты үй сияқты.


Өрт қауіпсіздігі, бұл олардың басқа жылу оқшаулағыш материалдар алдында өте маңызды артықшылығы. Сонымен қатар, олар шірімейді және берік;

Дыбыс оқшаулау басқа қабырға материалдарынан әлдеқайда жақсы.

Бұл материалдардың аязға төзімділігі 50 циклға жетеді, ал бұл 100 жылдан артық;

Барлық айтылғандарды қорытындылай келе, автоклавты емес газобетон-бұл сөзсіз ең жақсы газобетон және баға мен сапаның арақатынасы автоклавтыдан артық болып табылады. Құрылыс блоктарын өндіруге арналған газ-бетон өндіру технологиясы газбетон қоспасының барлық компоненттерін араластыру және дайын блоктарды кейіннен алу арқылы арнайы қалыптар бойынша құюды көздейді.

1.5 Өндірістің технологиялық сұлбасы және сипаттамасы



Бұл жобада жылына 20 000 м³ өнім шығаратын автоклавсыз газобетон өндірісінің технологиясы қарастырылған. Өндіріс процесі келесі негізгі кезеңдерден тұрады:

1. Шикізат дайындау:

Газобетон өндірісінде қолданылатын негізгі шикізаттар – цемент, құм, су, және алюминий ұнтағы (газ түзгіш). Барлық компоненттер жеке-жеке мөлшерленіп, алдын ала дайындалады.

2. Мөлшерлеу:

Цемент, құм және су автоматты түрде мөлшерлегіш арқылы қажетті мөлшерде өлшенеді. Алюминий ұнтағы да жеке мөлшерленіп, суспензия түрінде дайындалады.

3. Араластыру:

Барлық компоненттер араластырғышта араластырылып, біртекті қоспа алынады. Газ түзгіш алюминий суспензиясы араластырғышқа соңғы кезеңде қосылады, бұл газ түзілу реакциясының дұрыс жүруін қамтамасыз етеді.

4. Қалыптау:

Дайын қоспа арнайы қалыптарға құйылады. Қоспа көлемі газ түзілу реакциясы нәтижесінде үлкейіп, көбіктенген құрылым түзіледі.

5. Алдын ала қыздыру (ұйыту):

Қалыптар арнайы камерада 35–40°C температурада 2–4 сағат бойы ұсталып, газобетон құрылымының беріктігі артады.

6. Автоматты кескіш:

Қатты құрылым алған блоктар автоматты кескіш арқылы қажетті өлшемге кесіледі.

7. Қыздыру камерасы:

Кесілген блоктар соңғы кептіру және беріктендіру мақсатында 60–80°C температурада 10–12 сағат бойы арнайы камерада ұсталады.

8. Дайын өнім қоймасы:

Кептірілген блоктар қоймаға жеткізіліп, тасымалдауға немесе сатылымға дайын күйге келеді.

Бұл технологиялық процесс автоклавсыз әдіс болғандықтан, жабдықтардың күрделілігі мен энергия шығыны азаяды, ал өндіріс үдерісі икемдірек және үнемдірек болады.

1.6 Зауыттың технологиялық желісінің жұмысын есептеу

Есептеу технологиялық үдерістің белгілі бір кезеңдерінде туындайтын материалдық шығындар немесе қалдықтар, осы технологиялық процесті қамтамасыз ету үшін қажетті шикізаттың көлемін, әрбір технологиялық операция кезінде өңделетін материалдардың көлемін анықтау үшін жасалады.

Бетон араластыру қондырғысын жобалау

Есептеу технологиялық процестің кері тәртіптемесінде әрбір технологиялық қайта бөлу үшін, формула бойынша есептеледі:

$$P_p = \frac{P_o}{1 - \frac{B}{100}}$$

мұндағы P_p - есептелген қайта бөлуді орындау, т/ж;

P_o - (технологиялық ағынға сәйкес) кейін қайта бөлу өнімділігі,

B -ақаудан өндіріс шығындары,%.

Есептеу үшін келесі деректер қажет:

Цех өнімділігі -20 000 м³/жыл

- бетон қоспасын жасау	0,4%
- вибропресстеу	0,2%
- жылумен өңдеу	0,1%
-дайын өнімді жинақтау	0,1%

А) Бетон қоспасын дайындау кезінде жоғалту:

$$P_p = \frac{20\,000}{1 - \frac{0,4}{100}} = 20080,3\text{м}^3$$

Б) Вибропресстеу кезіндегі жоғалту

$$P_p = \frac{20\,080,3}{1 - \frac{0,2}{100}} = 20120,5\text{м}^3$$

В) Жылумен өңдеу кезіндегі шығын

$$P_p = \frac{20\,120,5}{1 - \frac{0,1}{100}} = 20140,6\text{м}^3$$

Г) Дайын өнімді жинақтау

$$P_p = \frac{20\,140,6}{1 - \frac{0,1}{100}} = 20160,7\text{м}^3$$

1.7 Бетон құрамын жобалау

-Жылдық көлем: 20 000м³

-Шикізаттар: цемент, құм, су, алюминий ұнтағы

Кесте 7 - Шартты 1м3 газобетон құрамы

Шикізат	1 м³ шығын		Жылдық шығын (20000м³)	
	500	700	500	700
Цемент	286 кг	312 кг	5720 т	6240 т
Құм	234 кг	403 кг	4680 т	8060 т
Су	208 л	256 л	4160 м	5120 м
Алюминий ұнтағы	0,544 кг	0,544 кг	10,88 т	10,88 т

Жылдық көлем үшін шығындар:

Цемент: $286 \text{ кг/м}^3 * 20\,000 \text{ м} = 5\,720\,000 \text{ кг} = 5720 \text{ т/жыл}$
 $312 \text{ кг/м}^3 * 20\,000 \text{ м} = 6\,240\,000 \text{ кг} = 6240 \text{ т/жыл}$

Құм: $234 \text{ кг/м}^3 * 20\,000 \text{ м} = 4\,680\,000 \text{ кг} = 4680 \text{ т/жыл}$
 $403 \text{ кг/м}^3 * 20\,000 \text{ м} = 8\,060\,000 \text{ кг} = 8060 \text{ т/жыл}$

Су: $208 \text{ л/м}^3 * 20\,000 \text{ м} = 4\,160\,000 \text{ л} = 4160 \text{ м/жыл}$
 $256 \text{ л/м}^3 * 20\,000 \text{ м} = 5\,120\,000 \text{ л} = 5120 \text{ м/жыл}$

Алюминий ұнтағы: $0,544 \text{ кг/м}^3 * 20\,000 \text{ м} = 10\,880 \text{ кг} = 10,88 \text{ т/жыл}$
 $0,544 \text{ кг/м}^3 * 20\,000 \text{ м} = 10\,880 \text{ кг} = 10,88 \text{ т/жыл}$

1.8 Жабдықты есептеу

Технологияқ жабдықтарды есептеу үшін келесі формуланы пайдаланамыз:

$$N_M = \frac{Q_{\text{ч.п}}}{(Q_{\text{ч.м.}} \cdot K_{\text{вн.}})} \quad (4)$$

мұндағы N_M – қондырылатын машиналардың саны;

$Q_{\text{б.с.}}$ – технологиялық бөлістің сағаттық өнімділігі (т/с, дана/с, м²/с, м³/с)

$Q_{\text{ж.с.}}$ - жабдықтың сағаттық өнімділігі (т/с, дана/с, м²/с, м³/с) ;

$K_{\text{ж.н.}}$ - жабдықты пайдалану нормативтік коэффициенті (0,8 - 0,9).

Жабдықтың санын есептеу үшін шикі заттың шығынын және дайын өнімнің көлемін білу қажет. Оларды кестеге еңгіземіз.

Кесте 8 – Шикізат шығыны және дайын өнім көлемі

Аталуы	Марка	Шикізат, т			Өнім шығуы, дана		
		жылына	тәулік	сағатына	жылына	тәулік	сағатына
Газобетон 6000х2000 х3000	500	4662	18	2	333000 дана	1307	164
Газобетон 6000х2000 х3000	700	4662	18	2	222 000 дана	871	109

1. Вибросито АСМ

$$N_M = \frac{2}{(2,5 \cdot 0,9)} = 0,8$$

1 дана Вибросито АСМ қабылдаймыз

2. Цемент араластырғыш

$$N_M = \frac{2}{(3 \cdot 0,9)} = 0,7$$

1 дана Цемент араластырғыш қабылдаймыз

3. Ленталы конвейер

$$N_M = \frac{2}{(2 \cdot 0,9)} = 0,6$$

1 дана УМАТП-17 ленталы конвейерді қабылдаймыз

4. Араластырғыш активатор

$$N_M = \frac{2}{(3,5 \cdot 0,9)} = 0,6$$

1 дана Араластырғыш активатор қабылдаймыз

5. Автомат кескіш АСМ-РМЗ

$$N_M = \frac{2}{(15 \cdot 0,9)} = 0,2$$

1 дана Автомат кескіш АСМ-РМЗ қабылдаймыз.

6. Суспензияға арналған араластырғыш

$$N_M = \frac{2}{(3,5 \cdot 0,9)} = 0,6$$

1 дана Суспензияға арналған араластырғыш қабылдаймыз

7. Шнек

$$N_M = \frac{2}{(4 \cdot 0,9)} = 0,5$$

1 дана Шнек қабылдаймыз

8. Дозатор

$$N_M = \frac{2}{(4 \cdot 0,9)} = 0,5$$


1 дана Дозатор қабылдаймыз

Жабдықтар құрама ведомості

Кесте 9 -Жабдықтар

№	Аталуы, маркасы	Өнімділігі	Саны, дана	Электр қозғалт. қуаты, кВт	Габарит өлшемдері, мм.
1	Вибросито АСМ	2,5т/сағ	1	0,9	1790*1075*1205
2	Цемент араластырғыш	3т/сағ	1	10	2000x1200x1430
3	Ленталы конвейер	2 т/сағ	1	4	5000x2770x1650
4	Араластырғыш активатор	3,5т/сағ	1	4	1300x960x1910
5	Автомат кескіш АСМ-РМЗ	15 т/сағ	1	27,5	1900x650
6	Суспензияға арналған араластырғыш	3,5 т/сағ	1	0,38	258x210x450
8	Шнек	4 т/сағ	1	3	4500 D159

1.9 Жабдық таңдау



Сурет 1 -Қалып (12 газобетонға 2,4×0,6×0,3 м)

Формалар табандықтан және алмалы-салмалы бүйір және бүйір қабырға-борттардан тұрады. Конвейер желісінің жылжымалы формасының ернеулері жоғары дәлдікті лазерлік кесуді қолдана отырып жасалған және жиналған күйінде ерекше герметикалықты қамтамасыз етеді. Бұл борттар жиынтығы дайын бұйымдарды табандықтан алғаннан кейін 2-3 минут ішінде құюға арналған пішінді дайындауға мүмкіндік береді. Стандартты өлшемдегі 200х300х600мм 12 блокты құюға есептелген.

- Үлкен борт (м) 2517×4,6×31;
- Шағын борт (м) 733×4,4×31;
- Салмағы (кг) 54.



Сурет 2 - Вибросито АСМ

Сусымалы материалдарды (құм және т. б.) ірі қоспалардан тазартуға арналған. Механикалық кесуді қолдана отырып, газ бетонды өндіру кезінде виброситті пайдалану ерекше маңызды, себебі газбетонды массаға бөгде зат қосылып кетуі массаны жеке блоктарға кесу кезінде тегіс бұйым алуға кедергі келтіруі мүмкін.

- Ең жоғары өнімділік, 5мм сита ұяшығында 2,5 тонна/сағ;
- Орнатылған қуаты 0,9 кВт;
- Қуат кернеуі 380 В;
- Габариттік өлшемдері / ұзындығы 1790 мм;
- Габариттік өлшемдері / ені 1075 мм;
- Габариттік өлшемдері / биіктігі 1205 мм.



Сурет 3 - Ленталы конвейер


Ленталы транспортер (стационарлық ленталы конвейер) құм, қиыршық тас, қиыршық тас, қож, көмір және т.б. сияқты материалдарды тасымалдауға арналған. Газбетон өндірісінде қолданудың негізгі саласы-мөлшерлегіштерді автоматтандыру.

-Үздіксіз жұмыс кезіндегі өнімділік (өлшем бірлігі - тонна/сағ) 2.



Сурет 4 - Пенетрометр

Пенетрометр аспабы (пластомер) газбетонды массивтің пластикалық беріктігін және оның кесу кезеңіне дайындығын анықтауға арналған. Жұмыс істеу принципі бетон қоспасының конустың өтетін әсеріне қарсы тұру қабілетіне негізделген.



Сурет 5 - Поддон (12 газоблокқа 2,4×0,6×0,3 м)

Жылжымалы металл пішіні бүйір және бүйір қабырғаларынан-іلمектері бар борттардан және доңғалақтардағы тұғырықтан тұрады. Форманың мұндай нұсқасы қоспалау торабы, кескіш қондырғы, жылыту камерасы және т. б. сияқты негізгі тораптарды тұрақты орналастырып, өндірісті неғұрлым ұтымды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

- Жұмыс сыйымдылықтарының саны 1 дана;
- Жұмыс сыйымдылығының көлемі 0,43 м³;
- Габариттік өлшемдері / ұзындығы 2464 мм;
- Габариттік өлшемдері / ені 684 мм;
- Габариттік өлшемдері / биіктігі 441 мм.




Сурет 6 - Цементке арналған мөлшерлегіш

Араластырғыш-цементті мөлшерлеу және беру үшін қарапайым құрылғы. Араластырғыш арнайы пышақпен жабдықталған, бұл цементті қаптарынан алып араластыруды оңай пайдалануға мүмкіндік береді.



Сурет 7 - Механикаландырылған кесу қондырғысы

АСМ-РМЗ газ блоктарын механикаландырылған кесу. Ішекті кесу станогы болып табылады. Бұл станок өндірілген газ бетон массивінен қажетті өлшемдегі жеке газ блоктарын алуға арналған. Кесу массаның толық емес қатаюы кезінде-құйылғаннан кейін 60-120 минуттан кейін жүргізіледі. Блок өлшемдері ішектер арасындағы қашықтықты ауыстыру арқылы жедел өзгереді.



Сурет 8 - Қоспаны қалыпқа құюға арналған елеуіш

Газ-бетон қоспасын ағынмен қалыпқа құю кезінде майламдарды борттардан шайып кетпеуі және құмдағы ірі қоспалардың қалыпқа түсуін болдырмау үшін қолданылады.

- Габариттік өлшемдері / ұзындығы 650 мм;
- Габариттік өлшемдері / ені 680 мм;
- Габариттік өлшемдері / биіктігі 315 мм;
- Ұяшықтың өлшемі 5*5 мм.



Сурет 9 - Горбушканы алу үшін қырғыш

Қырғыш блоктардың жоғарғы бетін тез және сапалы жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар "горбушки" тазаланып, жұмыс бөлмесі таза болады.

